

№3 педагогикалық кеңестің күн тәртібі

Күні: 15.01. 2024ж.

Тақырыбы: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Қатысушылар :

Балабақша меңгерушісі : *Д.О.Ирзабекова*

Тәрбиешілер саны : 4адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Мақсаты: педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. № 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

Балабақша меңгерушісі: Д.О.Ирзабекова

2. 2022-2023 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы

Әдіскер: Ирзабекова Д.О.

3. Баяндама: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар».

Тәрбиеші:Болатова Г

4. Іс-тәжірибе: «Ойнай жүріп ойлайық».

Тәрбиеші:Таменова А.

5. «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағаты.

Тәрбиеші:Ирзабекова Н.

6. Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2023-2024 оқу жылының №3 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі *Д.О.Ирзабекова* сөз алды. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, өте жақсы деген баға берді. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері *Ирзабекова Д.О.* . 2022-2023 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасына тоқталды. Бастапқы бақылау парағы мен аралық бақылау парақтары бойынша есеп берді. Балалардың білім көрсеткіштері пайыздық

мөлшермен көрсетілді. Балалардың білім сапасын арттыруға жұмыстар жасалу қажеттілігі ескертілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Болатова Г. «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар» тақырыбында ойындар көрсетті. «Логика қайда?» логикаға арналған интеллектуалдық ойын өткізді. Педагогтарды екі топқа бөліп педагогтардың ойлау қабілеттерін шыңдады. Одан соң ертегіні сахнау бойынша «Аю мен маса» ертегісін атрибуттарды қолдану арқылы ертегіні сахналап шықты. Педагогтарға өзара рөл бөлініп, рөлге сәйкес ертігіні сомдады. Қорыта айтқанда, балаларды көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалды ойындар арқылы дамытудың маңызын атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Таменова А «Ойнай жүріп ойлайық» тақырыбында іс-тәжірибе жүргізді. Педагогтарды бір сызыққа тұрғызып «Ия-жоқ» ойынын ойнатты. Ойын барысында сыни ойлау, тез шешім қабылдау дағдылары қалыптасты. Бірінші ойында жеңіске жеткен алты педагог нейрожаттығулармен жаттығып, «Крестики-нолики» ойынын ойнады. Жеңген педагогтармен «Түстерді ажырат» ойынын ойнады. Соңында қалған педагогтар медальдармен марапатталды. Ойнау арқылы көптеген дағдылардың қалыптасатынына педагогтардың көзі жетіп, қызығышылықтары артты.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Ирзабекова Н «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағатын өткізді. Көлеңке театры арқыы балаларға ертегі сомдатуыдың маңыздылығын атап өтті. «Аю мен қояндар» ертегісін педагогтар рөлге бөліп көлеңке театрында сомдап шықты. Шеберлік сағатынан соң педагогтар ерекше әсерленді.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Ирзабекова Д.О топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. «Үздік педагог-2024» байқауының ережесімен таныстырып шықты. Балабақша меңгерушісі Д.О.Ирзабекова ішкі тәртіп пен 2023-2024 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, тегін тамақтанатын балалардың табельдерін қатесіз толтыруды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

№3 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Топтардағы дамытушы орталықтар жандандырылсын.
2. Білім деңгейінің сапасын көтеруге жұмыстар нақтылансын.
3. Іс-тәжірибелер мен шеберлік сағаттар үнемі өткізіліп отырсын.

Төрайымы
Хатшы



Д.Ирзабекова
А.Таменова

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Ирзабекова Д.**



**Баяндама: «Көркем шығармалар қойылымдары мен
интеллектуалдық ойындар»**

Тәрбиеші: Болатова Г.

2023-2024жж

Көркем шығармалар қойылымдарының маңызы

Көркем шығармаларды сахналау арқылы бала әдеби шығарманың мазмұнын тереңірек түсінеді. Ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді рөлдерге бөліп орындау баланың сөйлеу мәнерін жетілдіріп, сөздік қорын молайтады.

Қойылым кезінде бала белгілі бір кейіпкердің рөлін сомдайды. Оның мінезін, көңіл күйін, іс-әрекетін көрсетуге тырысады. Бұл баланың қиялын, шығармашылық қабілетін және эмоционалдық сезімін дамытуға ықпал етеді.

Сахналық қойылымдар балаларды көпшілік алдында өзін еркін ұстауға үйретеді. Өз рөлін дұрыс орындау арқылы бала жауапкершілікке, тәртіпке және өзіне сенімді болуға дағдыланады.

Көркем шығармаларды тандау кезінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Шығарма мазмұны балаға түсінікті, тәрбиелік мәні жоғары және қызықты болғаны дұрыс.

Балабақшада «Мақта қыз бен мысық», «Бауырсақ», «Шалқан», «Үйшік» сияқты халық ертегілерін сахналауға болады. Сонымен қатар балаларға арналған қысқа әңгімелер мен өлеңдерді қойылым ретінде пайдалануға мүмкіндік бар.

Интеллектуалдық ойындардың тәрбиелік мәні

Интеллектуалдық ойындар баланың ойлау, есте сақтау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға бағытталады. Ойын барысында бала дайын жауапты күтпей, өз бетінше шешім қабылдауға тырысады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған интеллектуалдық ойындар күрделі болмауы керек. Олар қызықты әрі қимылмен, суретпен немесе заттармен үйлескені тиімді.

Мысалы:

- «Бұл не?»
- «Артық затты тап»
- «Жалғастыр»
- «Кім жылдам?»
- «Жұмбақты шеш»

Қойылымдар мен интеллектуалдық ойындарды үйлестіру

Көркем қойылымдар мен интеллектуалдық ойындарды бір іс-шара барысында біріктіру балалардың қызығушылығын арттырады. Мысалы, ертегі қойылымынан кейін балаларға ертегі кейіпкерлеріне байланысты жұмбақтар, сұрақтар немесе логикалық тапсырмалар ұсынуға болады.

Мысалы, «Шалқан» ертегісін сахналағаннан кейін:

- Ертегіде қандай кейіпкерлер болды?

- Шалқанды кімдер тартты?
- Кейіпкерлерді ретімен ата.
- Қай кейіпкер соңынан келді?
- Ертегінің негізгі ойы қандай?

деген сұрақтар қойылады.

Бұл тәсіл баланың шығарманы түсінуін тексеріп қана қоймай, есте сақтау және ойлау қабілетін де дамытады.

Педагогтің рөлі

Педагог балаларға дайын жауап бермей, оларды ізденуге бағыттауы қажет. Қойылым кезінде әр балаға қабілетіне қарай рөл беру маңызды. Белсенді балаларға негізгі рөлдермен қатар, ұяң балаларға да шағын рөлдер немесе көмекші тапсырмалар ұсынуға болады.

Интеллектуалдық ойындарда баланың жауабын бірден дұрыс немесе бұрыс деп бағаламай, оның ойлануына мүмкіндік берген жөн. «Тағы қалай ойлайсың?», «Неліктен бұлай деп ойладың?», «Басқаша жауап болуы мүмкін бе?» деген сұрақтар баланың ойлау белсенділігін арттырады.

Күтілетін нәтиже

Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындарды жүйелі қолдану нәтижесінде балалардың:

- сөйлеу және қарым-қатынас дағдылары;
- шығармашылық қабілеті;
- есте сақтау және ойлау қабілеті;
- қиялы мен елестетуі;
- өзіне деген сенімділігі;
- көпшілік алдында өзін ұстауы;
- топпен жұмыс жасау дағдылары дамиды.

Қорытынды

Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар – баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытудың тиімді жолы. Қойылым арқылы бала өзін кейіпкердің орнына қойып, оның сезімін түсінуге үйренсе, интеллектуалдық ойындар арқылы ойланып, салыстырып, шешім қабылдауға дағдыланады.

Сондықтан балабақшада көркем шығармаларды сахналау мен интеллектуалдық ойындарды жүйелі түрде ұйымдастыру – баланың жан-жақты дамуына, белсенділігі мен қызығушылығының артуына үлкен мүмкіндік береді.

«Ойын арқылы бала ойлайды, сахналау арқылы өзін танытады, шығармашылық арқылы дамиды».

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.



Іс-тәжірибе: «Ойнай жүріп ойлайық»

Тәрбиеші: Таменова А.

2023-2024жж

«Ойнай жүріп ойлайық»

Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттыру, ойын арқылы ойлау, есте сақтау, салыстыру, талдау және өз ойын еркін жеткізу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту;
- танымдық қызығушылығын арттыру;
- ойын арқылы өз бетінше шешім қабылдауға үйрету;
- балалардың сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- топпен жұмыс жасауға және бір-бірін тыңдауға тәрбиелеу.

Іс-тәжірибенің өзектілігі

Мектепке дейінгі жастағы бала үшін ойын – қоршаған ортаны танудың негізгі жолдарының бірі. Бала ойын барысында байқайды, салыстырады, сұрақ қояды, жауап іздейді және өз шешімін табуға тырысады.

Сондықтан балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде ойын элементтерін тиімді пайдалану баланың сабаққа қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

«Ойнай жүріп ойлайық» іс-тәжірибесінің ерекшелігі – балаларға білімді дайын түрде бермей, оны ойын және практикалық әрекет арқылы меңгерту.

1. «Артығын тап» ойыны

Балаларға бірнеше сурет ұсынылады. Мысалы: алма, алмұрт, банан және доп.

Балалар заттарды атап, олардың арасынан артық затты табады және өз таңдауын түсіндіреді.

Мақсаты: заттарды салыстыру, топтастыру және логикалық ойлау қабілетін дамыту.

2. «Не өзгерді?» ойыны

Үстел үстіне бірнеше ойыншық қойылады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Балалар көздерін жұмған кезде педагог бір ойыншықтың орнын өзгертеді немесе бір затты алып қояды.

Балалар көздерін ашып, қандай өзгеріс болғанын анықтайды.

Мақсаты: есте сақтау, зейін қою және байқағыштық қабілетін дамыту.

3. «Жалғастыр» ойыны

Педагог белгілі бір реттілікті көрсетеді:

ҚЫЗЫЛ – КӨК – ҚЫЗЫЛ – КӨК – ...

Балалар келесі түсті табады.

Ойынды пішіндермен, суреттермен, сандармен немесе қимылдармен де ұйымдастыруға болады.

Мақсаты: заңдылықты анықтау, логикалық ойлау және зейінді дамыту.

4. «Жұмбақ шешейік»

Балаларға жас ерекшелігіне сай жұмбақтар жасырылады.

Мысалы:

*Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тоңады.*

Жауабы: қар.

Жұмбақ шешу барысында балалар заттың белгілерін анықтап, сипаттамасы арқылы жауабын табуға тырысады.

Мақсаты: ойлау қабілетін, сөздік қорын және тапқырлығын дамыту.

5. «Суретті ретімен орналастыр» ойыны

Балаларға белгілі бір оқиғаны бейнелейтін бірнеше сурет беріледі. Олар суреттерді дұрыс ретпен орналастырып, оқиғаны әңгімелеп береді.

Мысалы: тұқым отырғызу → өскіннің шығуы → гүлдің өсуі.

Мақсаты: себеп-салдарлық байланысты түсіну, байланыстырып сөйлеу және ой жүйелілігін қалыптастыру.

6. «Кім жылдам ойлайды?» ойыны

Педагог балаларға жылдам жауап беруді қажет ететін сұрақтар қояды:

- Қыстан кейін қай мезгіл келеді?
- Үй жануарларын ата.
- Дөңгелек пішінді қандай заттарды білесің?
- Үшбұрыштың неше бұрышы бар?
- Бір қолда неше саусақ бар?

Балалар жауаптарын асықпай, ойланып айтуға үйренеді.

Қорытынды

«Ойнай жүріп ойлайық» іс-тәжірибесі баланың білімді жеңіл әрі қызығушылықпен меңгеруіне жағдай жасайды. Ойын арқылы бала тек көңіл көтеріп қана қоймай, ойланады, салыстырады, есте сақтайды, сұраққа жауап береді және өз шешімін дәлелдеуге үйренеді.

Ойын барысында қалыптасқан дағдылар баланың күнделікті өмірінде де маңызды рөл атқарады. Сондықтан педагог әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте баланың ойлауына мүмкіндік беріп, оны ізденуге және өздігінен шешім қабылдауға бағыттауы қажет.

Негізгі ой:

«Бала ойында ойлайды, ойында үйренеді, ойында дамиды. Сондықтан әрбір ойын – баланың дамуына жасалған қадам».